

## Достық ауылдық округіндегі Достық ауылындағы көшелерді қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы Достық ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 23 сәуірде № 8670 болып тіркелді

### ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 –бабына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысы ономастикалық комиссиясының 2018 жылғы 15 маусымдағы қорытындысы негізінде, халықтың пікірін ескере отырып, Достық ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Достық ауылында келесі көшелер қайта аталсын:

"Советская" көшесі "Абай" көшесі болып;

"Комсомольская" көшесі "Алаш" көшесі болып;

"Интернациональная" көшесі "Болашақ" көшесі болып.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының Достық ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Семей қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Семей қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Н. Жарликенов